

## Қазақстан Республикасының заңнамасымен Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің қарауына жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша анықтауды үйымдастыру нұсқаулығын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2017 жылғы 27 қыркүйектегі № 74 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 17 қазанды № 15902 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 1 сәуірдегі № 2922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ереженің 15-тarmaғы 132) тармақшасына сәйкес БҮЙЫРАМЫН:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 03.01.2024 № 1/ҚЕ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының заңнамасымен Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің қарауына жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша анықтауды үйымдастыру нұсқаулығы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде баспа және электронды түрде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру және ресми жариялау үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына бір данада қазақ және орыс тілдерінде жіберуді;

3) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ресми интернет-ресурстарына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметінің дциректорына жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің  
Төрағасы

К. Мәсімов

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының  
Бас Прокуроры  
Ж. Асанов \_\_\_\_\_  
2017 жылғы 8 қыркүйек

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік  
комитеті Төрағасының  
2017 жылғы 27 қыркүйектегі  
№ 74 бұйрығымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасының заңнамасымен Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің қаруына жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша анықтауды үйымдастыру нұсқаулығы**

**Ескерту. Нұсқаулық жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 11.02.2021 № 16/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасының заңнамасымен Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің қаруына жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша анықтауды үйымдастыру нұсқаулығы Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 1 сәуірдегі № 2922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ереженің 15-тармағы 132) тармақшасына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінде (бұдан әрі – Шекара қызметі) анықтау өндірісі қызметін үйымдастыруды нақтылайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 03.01.2024 № 1/КЕ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Анықтау бөлімшелерінің әскери қызметшілері, сондай-ақ анықтау өндірісі бойынша функциялары берілген бөлімшелер Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі Қылмыстық-процестік кодексінде (бұдан әрі – ҚПК) белгіленген өкілеттіктерге сәйкес, Шекара қызметінің тергеулігіне жататын ҚПК-нің 191-бабының 6, 10-бөлімдерінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтарды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырады.

3. Шекара қызметінде анықтау бөлімшелеріне жатады:

1) Шекара қызметінің анықтау және әкімшілік іс жүргізу басқармасы (бұдан әрі – АӘІЖБ);

2) Шекара қызметі аумақтық бөлімшелерінің анықтау және әкімшілік іс жүргізу бөлімдері (бұдан әрі – АӘІЖБ).

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Тәрағасының 03.01.2024 № 1/ҚЕ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

4. Анықтау өндірісі бойынша функциялары берілген бөлімшелерге:

1) дайындық, қорларды қолдану және әскери қызмет, шекара күзету басқармасы (бөлімі);

2) Шекара қызметінің жедел бөлімшелері;

3) шекаралық бақылау (бөлімдер, бөлімшелер, топтар) басқармасы;

4) анықтау және әкімшілік іс жүргізу бөлімшелері, топтары;

5) шекара бөлімдері (бөлімшелері), шекаралық бақылау бөлімдері (бөлімшелері), шекаралық кораблдер (катерлер), техникалық бақылау және арнаулы мақсаттағы ұтқыр іс-қимылдар бөлімдері (топтары).

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Тәрағасының 03.01.2024 № 1/ҚЕ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

5. Егер де анықтау бөлімшелерінің әскери қызметкерлері болмағанда, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған аумақ алшақты болғанда анықтау өндірісі бойынша функциялары берілген істерді жүргізуге кіретін офицерлер, сержанттар мен қатардағы жауынгерлер құрамындағы келісімшарт қызметіндегі әскери қызметшілері Шекара қызметінің құзыретіне жататын қылмыстық құқық бұзушылық бойынша сотқа дейінгі тергеуді жүзеге асырады, сонымен қатар ҚПК-нің 196-бабының 1-бөлігіне сәйкес кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін өткізеді.

## 2-тарау. Шекара қызметінде анықтауды ұйымдастыру

6. Шекара қызметінде анықтау органы бастығының өкілеттіктеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Тәрағасының орынбасары – Шекара қызметінің Директоры және оның орынбасарлары, Шекара қызметінің аумақтық бөлімшелерінің бастықтары және оның орынбасарлары, АӘІЖ басқармасы және АжАӘІЖ бөлімдерінің бастықтары және оның орынбасары.

7. Анықтау өндірісі бойынша функциялары берілген Шекара қызметінің аумақтық бөлімшелерінің, сондай-ақ ұйымдастырушылық-әдістемелік жетекшілікті және анықтау бөлімшелерінің әрекетін үйлестіруді АӘІЖ басқармасы жүзеге асырады.

8. АӘІЖ басқармасы АӘІЖ бөлімінің және анықтау өндірісі бойынша функциялар берілген бөлімшелерінің қылмыстық-процестік қызметін талдау негізінде:

1) анықтау сапасын жақсартуға бағытталған шараларды, әзірлейді;

2) АӘІЖ бөлімінің қылмыстық-процестік қызметінің жай-күйін тексеруді ұйымдастырады, анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге катысады, олардың орындалуын бақылайды;

3) анықтау бөлімшелері және анықтау өндірісі бойынша функциялар берілген бөлімшелерінің қылмыстық-процестік қызметінің нәтижелері туралы шолулар, ақпараттық хаттарды дайындауды, анықтауды жетілдіру бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген құрамдарын тергеп-тексерудің тактикасы мен әдістемелерін дайындауды, үздік тәжірибе жинақтайды және таратады, оларды тәжірибеге енгізу ділінде қамтамасыз етеді;

4) нормативтік құқықтық актілердің жобаларына ұсыныстар енгізеді;

5) анықтау бөлімшелерінің және анықтау өндірісі бойынша функциялары берілген бөлімшелерінің әскери қызметшілерімен жиын өткізеді және ұйымдастырады;

6) анықтау бөлімшелері және анықтау өндірісі бойынша функциялар берілген бөлімшелері әрекетінің сұрақтары бойынша азаматтардың өтініштерін карауды;

7) анықтау бөлімшелері және анықтау өндірісі бойынша функциялар берілген бөлімшелері әскери қызметшілерінің біліктілігін арттыру курсарын ұйымдастырады;

8) бағынысты АӘІЖ бөлімдері және анықтау өндірісі бойынша функциялар берілген бөлімшелері тәртіпті және зандылықтарды бұзу деректері бойынша қызметтік тексеру жүргізеді;

9) анықтау сұрақтары бойынша Шекара қызметінің бөлімшелерімен және басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды, қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру, зандылықты нығайту бойынша бірлескен іс-шараларды әзірлейді және келіседі, бұйрықтардың жобаларын, нұсқауларын, әдістемелік ұсынымдарын, қылмыстық істердің макеттерін дайындауды, белгіленген тәртіpte қылмыстық-процестік іс-қимылды жетілдіру мәселелері бойынша бірлескен кеңестер, семинарлар және басқа да іс-шаралар өткізеді.

9. Анықтау бөлімшелерінің және анықтау өндірісі бойынша функциялар берілген бөлімшелердің қылмыстық-процестік іс-қимылының нәтижелері мынадай негізгі көрсеткіштер бойынша бағаланады:

1) сотқа жолданған қылмыстық істердің саны (өсу оң көрсеткіш ретінде бағаланады);

2) прокурордың анықтаушының, анықтау органының заңсыз қаулыларының, сондай-ақ анықтау органы бастықтарының қаулыларын келісуден бас тарту және өзге де шешімдер мен нұсқаулардың күшін жою туралы қаулылардың саны (төмендеуі оң көрсеткіш ретінде бағаланады);

3) прокурорлармен қосынша тергеп-тексеруге қайтарылған, соттармен ақтау үкімдері шығарылған және соттармен ақтау негізінде тоқтату туралы қаулылары

қабылданған, сондай-ақ, сотқа дейінгі сатыда құдіктінің әрекеті сараланғаннан кейін ақтау негізінде тоқтатылған қылмыстық істердің жоқтығы (оң көрсеткіш ретінде бағаланады);

4) қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарламаны немесе баяннatty тіркеу және олар бойынша шешім қабылдау мерзімдерінің сақталуы (бұзушылық фактілерінің төмендеуі оң көрсеткіш ретінде бағаланады);

5) қылмыстық процеске қатысушылардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының сақталуы (бұзушылықтардың төмендеуі оң көрсеткіш ретінде бағаланады).

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – КР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 03.01.2024 № 1/ҚЕ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Шекара қызметінің аумақтық бөлімшелерінде анықтауды ұйымдастыру Шекара қызметінің аумақтық бөлімшелерінің бастықтарына жүктеледі, олар мыналарды жүзеге асырады:

1) анықтау сұраптары бойынша анықтау өндіріс функциясы жүктелген бөлімшелер мен АӘІЖ бөлімдерінің ұйымдастыру әрекеттерінің үйлестіруін;

2) бағынысты АӘІЖ бөлімдерінің жұмыстарын жақсарту бойынша, Шекара қызметінің басшылығына және АӘІЖ басқармасына ұсыныстар енгізу, заңнаманы жетілдіру бойынша ұйымдастырушылық шараларын;

3) анықтау өндірісін талдау жүргізуді және әдістемелік-ұйымдастырушылықты қамтамасыз етуді;

4) бағынысты АӘІЖ бөлімдерінің және анықтау өндірісі бойынша функциялар берілген бөлімшелердің қылмыстық-процестік әрекетінің, инспекциялау, тексеру материалдарын және басқа да ақпаратты шаралардың жағдайы туралы талдау мәліметтерінің негізінде, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізудің сапасын жақсартуға, уақытылы кемшіліктерді жою бойынша іс-шараларды жүзеге асырады.

**Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 03.01.2024 № 1/ҚЕ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. Шекара қызметінің аумақтық бөлімшелері ай сайын есеп беру кезеңінен кейін айдың 5-ші күнінен кешіктірмей АӘІЖ басқармасына ұсынады:

1) бағынысты АӘІЖ бөлімдерінің анықтау бойынша жұмыстарының негізгі көрсеткіштері туралы статистикалық есептілікті, ал қылмыстық-процестік заңнаманың талаптарын сақтаудың жай-күйі нашарлаған кезде себебін ашып көрсете отырып, түсіндірме жазба жолдайды;

2) Шекара қызметінің басшылығымен бақылауға алған қылмыстық істер бойынша ақпарат ұсынады.

12. Шекара қызметінің аумақтық бөлімшелері өндірістеріндегі барлық қылмыстық істерге бақылау жасауға және уақтылы есеп жүргізу үшін:

1) сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірынғай тізіліміне (бұдан әрі - СДТБТ) тіркелген және ол туралы процестік шешімдер шығарылған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметті ведомствоның деректер базасына түрақты турде енгізеді;

2) он бес күндік мерзім ішінде әрбір айыпталғандарды ақтау, қылмыстық істі ақтау негіздері бойынша тоқтату, заңсыз ұстай және (немесе) күзетпеу ұстай, прокурорлардың қосымша тергеп-тексеру үшін қылмыстық істерді кері қайтару фактілері бойынша анықтаушылар айыптыларды жауапкершілікке тарта отырып, істі қарайды, ол туралы Шекара қызметінің басшылығына қызметтік тергеп-тексерудің қорытындыралы мен бұйрықтардан үзінділерді қоса бере отырып, баяндайды.

**13. Алып тасталды – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 03.01.2024 № 1/ ҚЕ (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

14. Шекара қызметінің аумақтық бөлімшесінің бастығы анықтау өндірісі бойынша жұмысты тиімді қамтамасыз ету мақсатында:

1) АӘІЖ бөлімдері мен анықтау жүргізу бойынша функциялар берілген бөлімшелердің олар қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыру кезіндегі іс-қимылын үйлестіреді;

2) қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздарды, хабарламаларды тіркеуді және олар бойынша процестік шешімдер қабылдауды қамтамасыз етеді (ҚПК 179-180, 187, 191-баптары);

3) қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздарды, хабарламаларды СДТБТ-ға, оның ішінде байланыс құралдарын пайдалана отырып, уақтылы тіркеуді, тергеу реттілігі бойынша жолдауды, қылмыстық құқық бұзушылық іздерін анықтау және бекіту бойынша кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін сапалы жүргізуді, іс бойынша түпкілікті шешім қабылдауды бақылайды;

4) анықтау өндірісін жүйелі түрде талдау жүргізеді, анықтаудың сапасын және тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралар әзірлейді және жүзеге асырады, Шекара қызметінің басшылығына ұсыныстар енгізеді;

5) анықтаушыларды қызметтік кабинеттермен, байланыс құралдарымен, көлікпен және ұйымдастыру техникасымен, оның ішінде көшіргілерімен, және сканермен қамтамасыз етуге шаралар қабылдайды;

6) қылмыстық құқық бұзушылықтың сотқа дейінгі тергеп-тексерудің сапасы мен уақытылы жағдайын жасайды;

7) анықтаушыларды сотқа дейінгі тергеп-тексерумен байланысты емес жұмыстарды орындауға тартуға жол бермейді;

8) жедел-жауынгерлік, арнайы және денешынықтыру дайындығына анықтау өндірісі бойынша функциялар берілген бөлімшелердің, анықтау бөлімшелерінің әскери

қызметшілерін, прокуратура және сот қызметкерлерін, мамандар мен ғалымдарды жұмылдыра отырып, анықтау сұрақтары бойынша сабактар ұйымдастырады;

9) анықтау бөлімшелерінің және анықтау өндірісі бойынша функциялар берілген бөлімшелерінің бос лауазымдарына толықтырма жүргізеді және ұміткерлерге іріктеу жұмыстары ұйымдастырады;

10) Кодекстің 62-бабында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Тәрағасының 03.01.2024 № 1/ҚЕ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК